



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылы төлем ұйымдарының сервисі арқылы жасалған операция көлемі 1,7 есе өсіп, 6 трлн теңгені құрады

2023 жыл, 15 наурыз

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, Қазақстан аумағында **105** төлем ұйымы тіркелді (өткен жылмен салыстырғанда 11,4%-ға көп).

2022 жылы Ұлттық Банк жүргізілген тексерулер мен өткізілген талдаудың нәтижесінде, сондай-ақ, төлем ұйымдарының өздері ұсынған өтінішхаттардың негізінде **16 төлем ұйымын** тізілімнен алып тастады.

Соңғы жылдары төлем ұйымдары жүргізген операция көлемі тұрақты өсу динамикасын көрсетіп отыр. 2022 жылы төлем ұйымдарының сервисі арқылы жүрген ақша айналымы **6 трлн теңгені** құрады немесе 2021 жылмен салыстырғанда 73,3%-ға көп болды. 2022 жылы жасалған транзакциялар саны **597,3 млн-ға** жетіп, **12,0%-ға** өсті.

Соңғы 6 жылдағы төлем ұйымдарының ақша айналымы динамикасы




Нарықта жұмыс істейтін барлық төлем ұйымдарының елеулі үлесі (ақша айналымының **87%-ы**) 15 төлем ұйымына тиесілі.



2022 жылы айтарлықтай өсім клиенттердің мобильді құрылғылар мен интернет арқылы жүргізген операцияларында байқалды. Барлығы **3 110 млрд теңгеге** 251 млн операция жүргізілді (2021 жылмен салыстырғанда **2 есе көп**).

Қолма-қол ақшаны қабылдауға қатысты төлем ұйымдары **1 983 млрд теңгеге 168,4 млн операция** жүргізді. Бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда **39,1%-ға** жоғары.

Сонымен қатар, электронды ақшамен жасалған операцияларда да өсім бар. 2022 жылы бұндай операциялардың барлығы **514,6 млрд теңгеге** жүргізілді.



Төлем ұйымдарының аумақтық шоғырлануы: төлем ұйымдарының **86,7%-ы** – Алматы қаласында, **7,6%-ы** – Астана қаласында, Қарағанды,

Қонаев бойынша – 1,9%-дан, сондай-ақ Шымкент пен Рудный бойынша – 1,0%-дан орналасқан.



Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz